ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 11 желтоқсан дело №7119-23-00-2/13934 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «KORKEM GROUP» атауымен әрекет етуші Рискан Абдибаевна Алиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «KORKEM GROUP» атауымен әрекет етуші Рискан Абдибаевна Алиеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «KORKEM GROUP» атауымен әрекет етуші Рискан Абдибаевна Алиева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «KORKEM GROUP» атауымен әрекет етуші Рискан Абдибаевна Алиевадан мемлекет пайдасына 2 470 (екі мың төрт жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбы және 74 (жетпіс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «KORKEM GROUP» атауымен әрекет етуші Рискан Абдибаевна Алиевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К. Жетібаев
Көшірмесі дұрыс

Судья Ж.К. Жетібаев

Шешім 2024 жылғы 23 қаңтарда күшіне енді.
Судья Ж.К. Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетібаев Ж. К., 11.12.2023

119-23-3-1/13902